

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Маңғыстау облысы

№030240000329/221196/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 30.05.2022 жылғы №01-25-01/60-п сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары Асаинов Арсен Мажитович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Химреактивснаб-Алматы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Туребаева Забира Шинасиловна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2022-09-02» жыл № 8253397-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 151 615.71 (бір миллион жүз елу бір мың алты жүз он бес тенге жетпіс бір тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 123 387.41 тенге (жүз жиырма үш мың үш жүз сексен жеті тенге қырық бір тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 34 548.47 ((отыз төрт мың бес жүз қырық сегіз тенге қырық жеті тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 34 548.47 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

өлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Тапсырыс берушінің байланысатын тұлғасын жазбаша хабардар ету: - Тауарды жөнелту туралы; - факсимильдік немесе электрондық байланыс арқылы (тауарды жеткізу тәсілін көрсете отырып) Тапсырыс берушінің аумағына Тауарды жеткізу жоспарланған күнге дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын тауарды жеткізу туралы. Хабарламада Өнім беруші: жөнелтілген күнін, тауардың атауы мен санын, вагондардың немесе өзге де көлік құралының нөмірін және Тауарды жеткізудің есептік мерзімін, тауар-көлік жүкқұжатының көшірмесін қоса бере отырып, жөнелтілген Тауар партиясының жалпы құнын көрсетеді. Тиіп-жөнелту туралы жазбаша хабарлама уақтылы ұсынылмаған кезде Тапсырыс беруші Тауар келіп түскен күні қабылдап алудан бас тартуға және қабылдап алу күнін 2(екі) жұмыс күніне дейін кеш мерзімге қайта ауыстыруға құқылы.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.



1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме)

сертификаты;
Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бұлнүі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.



7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

7.10 Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісті емес сападағы тауарды, осы Шарттың 6.2-тармағы орындалмаған жағдайда, атауына және/немесе техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін тауарды не жиынтықталмаған тауарды жеткізген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;



3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады. Құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.7 Жеткізуші Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы барлық шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының (және/немесе айыппұлдың және/немесе өсімпұлдың) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалу арқылы түпкілікті есеп айырысу сомасын азайтуға келіседі.

12.8 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.9 Жазбаша хабарламада тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

12.10 Егер Жеткізуші шот-фактураларды ұсынған сәтте ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарылған жағдайда, тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ҚҚС бағасында бұрын көрсетілген сомаға азайтылады.

12.11 Шарттың қолданылу мерзімі ішінде шот-фактураларды ұсынған күні ҚҚС төлемейтін өнім беруші ҚҚС төлеуші болып табылса да Тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ұлғаюына жатпайды.

12.12 «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Тапсырыс берушінің рұқсаттама бюросында Өнім берушінің жүргізушісіне біржолғы рұқсаттаманы ресімдей отырып және жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып, Тапсырыс берушінің қоймасына тауарды жеткізу кезінде Тапсырыс беруші кәсіпорнының күзетілетін объектілерінің аумағына кіру жұмыс күндері сағат 08:00-ден 15:00-ге дейін (түскі үзіліс сағат 12:00-ден 12:45-ке дейін) бөгде жүгі жоқ жүк автокөлігімен ғана жүзеге асырылады.

12.13 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.14 Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша қаралуға жатады.

12.15 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.16 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.17 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.18 Тараптар негізгі талаптары пара беруге тыйым салу, пара алуға тыйым салу, коммерциялық параға сатып алуға тыйым салу және парақорлықта делдалдыққа тыйым салу болып табылатын ҚР Қылмыстық кодексінде, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауы тиіс. Тарапта сыбайлас жемқорлық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Маңғыстау атом энергетикалық
комбинаты-Қазатомөнеркәсіп"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Мангистауская область, г.Ақтау,
Промышленная зона 7, 65
БСН 030240000329
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ966010231000017128
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: (7292) 564-083 Мустапаева Жамал
Бас директордың қамтамасыз ету
жөніндегі орынбасары Асаинов Арсен
Мажитович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
"Химреактивснаб-Алматы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, Мауленова, 85
БСН/ЖСН 010940003523
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ338562203116531107
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 8-727-267-60-55
Директор Туребаева Забира Шинасильовна

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 8253397-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚКС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚКС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022 қаржылық жыл												
47478750-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сульфанил қышқылы	талдау үшін газ, кристалдар	4540350 Сульфанил қышқылы (МЕМСТ 5821-78)	Килограмм	0.1	16 594.65	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.1)	0	1 659.46
2022 қаржылық жыл												
47480499-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	күлсіздендірілген, зертханалық, орташа сүзгілейтін	4543060 "Сары таспа" сүзгісі 11 см	Бума	3	613.88	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (3)	0	1 841.65
2022 қаржылық жыл												
47479856-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мырыш	талдауға арналған түйіршіктелген таза	4540801 Түйіршіктелген металл мырыш	Килограмм	1.2	12 355.04	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (1.2)	0	14 826.05
2022 қаржылық жыл												



47486062-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Лантан хлориді	химиялық таза, 6-сулы	4520100 Хлорлы лантан 6 су. Тат	Килограмм	0.05	115 621.41	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.05)	0	5 781.07
2022 қаржылық жыл												
47480231-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Калий бихромат	стандарт-титр	4541019 Калий бихроматы 0,1н фиксанал	Бума	2	6 855.42	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (2)	0	13 710.84
2022 қаржылық жыл												
47480469-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Хром тотығы	талдау үшін таза	4543057 Хром (VI) оксиді, тат (МЕМСТ 3776-78)	Килограмм	0.05	68 213.06	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.05)	0	3 410.65
2022 қаржылық жыл												
47497715-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Фенолфталеин	ұнтақ	4540060 Фенолфталеин чда	Килограмм	0.07	91 473.84	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.07)	0	6 403.17
2022 қаржылық жыл												
47497784-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1-(2-пиридилазо)-2-нафтол	талдау үшін таза	4540104 (1-(2-пиридилазо)-2-нафтол)	Килограмм	0.011	929 376.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.011)	0	10 223.14
2022 қаржылық жыл												
47503442-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Петрол эфирі	сұйықтық	4540120 Петролейный эфир 70-100	Килограмм	2.1	7 612.53	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (2.1)	0	15 986.31
2022 қаржылық жыл												



47479918-ОИ5	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Индикатор	эриохром қара Т	4540905 Қара ЕТ ХРОМОГЕН тат	Килограмм	0.03	275 649.33	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.03)	0	8 269.48
2022 қаржылық жыл												
47478607-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сіркесу қышқыл қорғасын (қорғасын ацетаты)	талдау үшін таза, 3-су	4540300 Сірке қышқылды қорғасын (2) 3-су тат	Килограмм	0.1	25 136.51	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.1)	0	2 513.65
2022 қаржылық жыл												
47506034-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Пентаметоксиқызыл	талдау үшін таза	4540150 Пентаметоксикрасный ЧДА	Килограмм	0.01	3 410 657.89	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.01)	0	34 106.58
2022 қаржылық жыл												
47479005-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тиомочевина	талдау үшін таза	4540406 Тиомочевина ЧДА (ГОСТ 6344-73)	Килограмм	0.1	12 056.65	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.1)	0	1 205.67
2022 қаржылық жыл												
47479444-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Фенолфталеин	ұнтақ	4540600 Фенолфталеин чда	Килограмм	0.25	57 435.50	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.25)	0	14 358.88
2022 қаржылық жыл												
47479570-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	күлсіздендірілген, зертханалық, орташа сүзгілейтін	4540710 "Қызыл лента" Ф 15см сүзгісі	Бума	7	1 091.43	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (7)	0	7 640.00
2022 қаржылық жыл												



47479599-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	күлсіздендірілген, зертханалық, орташа сүзгілейтін	4540712 "Қызыл лента" Ф 9см сүзгісі (100 данадан)	Бума	12	412.79	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (12)	0	4 953.45
2022 қаржылық жыл												
47449473-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Аммоний сульфаты (күкіртқышқылды аммоний)	химиялық таза	4510154 Аммоний сернокислый (сульфат аммония) очищенный (ГОСТ 10873-73)	Килограмм	0.2	9 809.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	1 961.80
2022 қаржылық жыл												
47461938-ОИ5	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2,2'-дипиридил	кристалдар	4510410 Дипиридил-2.2 ч	Килограмм	0.2	550 480.21	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	110 096.04
2022 қаржылық жыл												
47478596-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сынап сульфаты	ұнтақ	4540223 Күкірт қышқылды сынап (II) тат	Килограмм	0.5	160 096.19	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.5)	0	80 048.10
2022 қаржылық жыл												
47478844-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қорытпа	Деварда, ұнтақ	4540360 Сплав деварда тат	Килограмм	0.95	53 735.96	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.95)	0	51 049.17
2022 қаржылық жыл												
47478870-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қорытпа	Вуд, түйіршік	4540361 Сплав вуда т	Килограмм	4	26 182.22	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (4)	0	104 728.87
2022 қаржылық жыл												



47496263-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Екі хлорлы қалайы (қалайы хлориді)	ұнтақ	4540001 Екі қабатты қалайы тат	Килограмм	1.2	56 855.68	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (1.2)	0	68 226.82
2022 қаржылық жыл												
47485561-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Нитрофенолдар	кристалдар	4530109 М-нитрофенол чда	Килограмм	0.2	626 344.98	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.2)	0	125 269.00
2022 қаржылық жыл												
47480293-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Формалин	маркасы ФМ, жоғары сұрып	4541112 МЕМСТ 1625-2016 Техникалық формалин Техникалық шарттар	Килограмм	1	1 372.80	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (1)	0	1 372.80
2022 қаржылық жыл												
47480306-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Хлороформ (трихлорметан)	талдау үшін таза	4542330 Хлороформ чда	Килограмм	160.5	2 793.34	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (160.5)	0	448 330.43
2022 қаржылық жыл												
47480431-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Стильбазо	талдау үшін таза	4543038 Стильбазо талдау үшін таза	Килограмм	0.01	1 364 262.96	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма (0.01)	0	13 642.63



Договор о государственных закупках товаров

Мангистауская область

№030240000329/221196/00

Товарищество с ограниченной ответственностью "Мангистауский атомный энергетический комбинат-Казатомпром", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель генерального директора по обеспечению Асаинов Арсен Мажитович, действующий на основании доверенности №01-25-01/60-п от 30.05.2022г., с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Химреактивснаб-Алматы", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Туребаева Забира Шинасиловна, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2022-09-02 года № 8253397-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

